

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
Мамандығы: Құқыққорғау қызметі
Шифр: «5В030300»
Пән: Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы

5. Семинар сабақтарының тақырыптары мен тапсырмалары

Семинар 1. Тақырыбы: ҚР Конституциялық құқығының ұлттық құқық жүйесіндегі жетекшілік рөлін ұғынып, оны көрсете білу - 1 апта, 1 сағат.

Мақсаты: студенттердің «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын» үш тұрғыда анықтап, оны құқық саласы ретінде түсіне білуі және ҚР конституциялық құқығының ұлттық құқық жүйесіндегі алатын негізгі, жетекшілік орнын көрсете білуге қабілеті болуы.

Сұрақтар:

1. құқық саласы ретінде Конституциялық құқықтың ұғымы, пәні және тәсілдері, оның ҚР ұлттық құқығы жүйесінде алатын орны.
2. конституциялық-құқықтық нормалар, олардың ерекшеліктері және түрлері.
3. Конституциялық құқықтық қатынастар, олардың субъектілері, ерекшеліктері, түрлері, пайда болу, өзгеру және жойылу негіздері.
4. Конституциялық құқықтың қайнар көздері.

Семинар 2. Тақырыбы: ҚР конституциялық құқығы ғылымының қызметін талдап, маңызын бағалау - 2 апта, 1 сағат.

Мақсаты: студенттердің «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын» ғылым саласы ретінде түсініп, оның маңызын анықтауға және оның қайнар көздері мен қызметін көрсете білуге қабілеті болуы.

Сұрақтар:

1. ғылым ретінде конституциялық құқықтың түсінігі және пәні, құқық саласымен арақатынасы.
2. Конституциялық құқық ғылымының әдістемесі.
3. Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңіндегі конституциялық құқық ғылымының міндеттері.
4. Конституциялық құқық ғылымының қайнар көздері.

Семинар 3. Тақырыбы: ҚР-ның Конституцияның құқықтық актілер жүйесіндегі орнын көрсетіп, конституциялық реформаларды сыни талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілеттілікті қалыптастыру- 3 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің мемлекеттің негізгі заңы ретінде ҚР Конституциясының мәнін, ерекшеліктерін түсініп, оның ҚР конституциялық құқығының қайнар көздері жүйесінде алатын орнын анықтай білуі және Республика Конституциясының даму кезеңдерін сипаттай білуі

Сұрақтар:

1. Конституцияның түсінігі, ерекшеліктері мен түрлері
2. Конституцияның мазмұнына әсер ететін факторлар.
3. ҚР Конституциясының заңи қасиеттері, негізгі белгілері, қағидалары, функциялары
3. ҚР Конституциясының даму кезеңдері
4. Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларын сақтау және жүзеге асыру кепілдіктері

Семинар 4. Тақырыбы: ҚР конституциялық құрылысының негіздерін зерттеп, олардың мағынасы мен мәнін теориялық сипатта түсіну, меңгеру - 4 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің конституциялық құрылыс ұғымын түсініп, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін анықтай білуі және олардың әрқайсысының мәнін ашып, Конституцияда бекітілуіне талдау жасай алуы

Сұрақтар:

1. Конституциялық құрылыстың ұғымы, оның элементтері.
2. ҚР конституциялық құрылысының құқықтық тұрғыда реттелуі.
3. ҚР конституциялық құрылысының негіздері.
 - Құқықтық, демократиялық мемлекет.
 - Зайырлы, әлеуметтік мемлекет.
 - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
 - егемен мемлекет.
 - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық ретінде.
 - Қазақстан Республикасының саяси жүйесі: түсінігі, құрылымы мен элементтері.
 - ҚР экономикалық жүйесі.

Семинар 5-6. Тақырыбы: ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мәні мен мазмұнын зерттеп, олардың нормативтік-құқықтық реттелу жағдайына талдау жасау - 5-6 апта 2 сағат

Мақсаты: студенттердің жеке тұлғаның құқықтық жағдайы және құқықтық жағдайының негіздері ұғымдарының арақатынасын анықтай білуі, ҚР Конституциясын саралай отырып Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің элементтерін анықтап, олардың Конституцияда бекітілуіне талдау жасай алуы

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық жағдайы, оның түсінігі және қағидалары.
2. ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайы және жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері ұғымдарының арақатынасы
3. ҚР азаматтарының негізгі құқықтары, бостандықтары және міндеттері: түсінігі, жіктелуі, олардың конституциялық бекітілуі.
4. ҚР азаматтығы: түсінігі, қағидалары. Азаматтықтың құқықтық реттелуі
5. Азаматтықты алу және оның тоқтатылу негіздері
6. Ата-аналарының азаматтығы өзгерген, асырап алған және қамқорлыққа алған жағдайдағы балалардың азаматтығы.
7. Азаматтық мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдардың құзыреттері.

Семинар 7. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесінің ұйымдастырылуының конституциялық негіздерін талдап, бағалау - 7 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің экономикалық жүйенің негізі ретінде Қазақстанда меншік пен кәсіпкерлік институтының конституциялық-құқықтық реттелуімен танысып, оған талдау жасай білуі

Сұрақтар:

1. Меншік құқығының түсінігі, мәні және мазмұны
2. Меншіктің түсінігі, түрлері.
3. Кәсіпкерлік институтының конституциялық-құқықтық реттелуі.

Семинар 9-10. Тақырыбы: ҚР сайлау құқығы мен сайлау жүйесін талдап, сайлаулар өткізу практикасын талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілеттілікті қалыптастыру - 9-10 апта 2 сағат

Мақсаты: студенттердің тікелей халық билігі институтының негізгі бір элементі ретінде сайлаудың маңызын түсініп, оның құқықтық реттелуіне және жүзеге асу практикасына талдау жасауға қабілетті болуы

Сұрақтар:

1. сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің түсінігі, түрлері.
2. сайлау құқығының қағидалары, сайлаулар өткізу практикасында оларды жүзеге асыру кепілдіктері.
3. сайлау комиссиялары, сайлау округтері мен сайлау учаскелері.
4. ҚР Президенті, Парламент, маслихаттар депутаттары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелері сайлауын өткізу сатылары
5. қайта дауыс беру және қайта сайлау.
6. сайлау туралы заңнамаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.
7. Саяси партиядан Парламент депутаттарын сайлаудың өзгешеліктері.

Семинар 11. Тақырыбы: Қазақстанда Президент институтының қалыптасып, дамуының негізі болған және бүгінге ҚР Президентінің конституциялық-құқықтық жағдайын реттейтін актілермен жұмыс істеу - 11 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің Қазақстанда Президент қызметінің құрылуы мен дамуының ерекшеліктерін анықтап, оның мәртебесінің конституциялық-құқықтық реттелуін терең меңгеруі.

Сұрақтар:

1. ҚР Президенті – мемлекет басшысы, оның ең жоғарғы лауазымды тұлғасы.
2. Қазақстан Республикасында президенттік билік институтының құқықтық реттелуі. Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі әрі рәмізі.
3. ҚР Президентін сайлану және қызметіне кірісу тәртібі. ҚР Президентінің қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы.
4. ҚР Президентін қызметінен кетіру. ҚР Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің міндеттерін атқару.
5. ҚР Президентінің өкілеттіктері.
6. ҚР Президентінің актілері.

Семинар 12. Тақырыбы: ҚР Парламентінің қызметін жетілдіруге, заң шығармашылығының сапасын арттыруға байланысты факторларды талдау – 12 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің Парламенттің өкілдік және заң шығарушылық сипатын анықтай отырып, оның мемлекеттік билік жүйесінде алатын орнын тани білуі, ҚР Парламентінің мәртебесінің конституциялық-құқықтық реттелуіне терең талдау жасауға дағдылануы.

Сұрақтар:

1. ҚР Парламенті- заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган.
2. ҚР Парламентінің өкілеттік мерзімі. ҚР Парламентінің құрамы және құрылу тәртібі.
3. екі палаталы Парламент құрылымына өту қажеттілігі
4. Парламенттің құзыреті және актілері.
5. Парламент қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандары, органдары
6. ҚР Парламентінде заң шығару процесі

Семинар 13. Тақырыбы: ҚР Үкіметінің конституциялық-құқықтық жағдайын анықтайтын актілермен жұмыс істеу – 13 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің ҚР Үкіметінің атқарушылық сипатын түсіне отырып, оның атқару билігі жүйесіндегі орнын анықтай білуі және ҚР Үкіметінің мәртебесінің конституциялық-құқықтық реттелуіне жан-жақты талдау жасауға дағдылануы.

Сұрақтар:

1. ҚР Үкіметі - Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын орган.
2. ҚР Үкіметінің құрамы және құрылымы, құрылу тәртібі
3. ҚР Үкіметтің құзыреті және оның қызмет ету тәртібі.
4. Үкіметтің таратылуы.
5. Үкіметтің актілері.

Семинар 14. Тақырыбы: ҚР Конституциялық Кеңесінің конституциялық-құқықтық жағдайын ұғынып, оның құқықтық мемлекет құрудағы қызметін көрсету – 14 апта 1 сағат

Мақсаты: студенттердің конституциялық қадағалаудың мәні мен маңызын түсіне отырып, Қазақстанда конституциялық қадағалау институтының даму кезеңдерін анықтай білуі және ҚР Конституциялық Кеңесінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздерінің конституциялық-құқықтық реттелуіне талдау жасауға машықтануы.

Сұрақтар:

1. конституциялық қадағалаудың түсінігі, мақсаты. Конституциялық қадағалау органдары.
2. Конституциялық Кеңестің құрылуы
3. Конституциялық Кеңестің өкілеттіктері.
4. Конституциялық өндіріс.
5. Конституциялық Кеңестің төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі.
6. Конституциялық Кеңестің актілері. Олардың құқықтық табиғаты.

Семинар 15. Бақылау жұмысы – 2 аралық бақылау барысында өткен 9-14 тақырыптар бойынша жазбаша бақылау (2 АБ) тапсыру.

Сұрақтары: №9-14 тақырыптардың сұрақтары

Бақылау жұмысын тапсыру үшін ұсынылатын әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы 28 қаңтар 1993 жылғы.
2. ҚР Конституциясы 30 тамыз 1995 жылғы. Алматы, 2011
3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 28.09.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы (15.06.2017ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
4. Қаз ССР-нің «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі заңы
5. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 26.12.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы (15.06.2017ж. өзгертулер мен толықтырулармен// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000075#z242>)
6. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Конституциялық заң 20.07.2000ж.
7. «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы ҚР конституциялық Заңы (15.06.2017ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
8. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (15.06.2017 жылғы ҚР заңымен енгізілген өзгерістерімен)
9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 18.12.1995 жылғы ҚР конституциялық заңы. (03.07.2017 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
10. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы, 2008 ж.
11. Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы бойынша дәрістер кешені. Алматы. «Қазақ университеті», 2012 ж.
12. Жарболова А.Ж «ҚР конституциялық құқығы» пәнінен семинар сабақтарына қосымша дайындық материалдары. – Алматы, Қазақ университеті, 2014

